

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана оқырмандарының басым бөлігін студент жастар құрайды. Олар кітапханада өткізілетін әдеби шараларға да белсене қатысады.

**Суретте:** кітапхана қызметкерлері мен оқырман студенттер.

# Жаңа кітаптардың тұсаукесер кештері

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың казақ әдебиеті бөлімінде Павлодар облыстық радиосының директоры, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Ғалия Құсайынқызы Балтабайдың «Иса ақын және оның ұрпақтары» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Аталған шараға Иса ақынның ұрпақтары мен туыстары, жергілікті ақын, жазушылар, журналистер қатысты.

Сондай-ақ облыстық кітапханада Екібастұз қаласының Құрметті азаматы, кен инженері, экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар академиясының корреспондент-мүшесі, Инновациялық Еуразиялық университетінің профессоры, түрлі басылымдарда 70-тен астам ғылыми еңбегі жарияланған танымал өлкетанушы Серік Имантайұлы Жақсыбаевтың "Қаржас ұрпақтары", "Записки краеведа" атты кітаптарының тұсаукесер кеші өткізілді. Екі кітаптың екеуі де Павлодар қаласындағы "Эко" баспасынан шыққан.

Кешке жергілікті зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен өлкетанушылар қатысып, кітаптар жөнінде пікірлерін білдірді.